

Іле ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарының еңбекақысына жиырма бес процент жоғары айлықақы мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Іле ауданы мәслихатының 2012 жылғы 07 желтоқсандағы N 12-54 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 14 желтоқсанда N 2247 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 46-217 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 27.05.2015 № 46-217 шешімімен (ресми басылымда жарияланғаннан кейін күшіне енгізілсін).

Р Қ А О ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 4-тармағына сәйкес, Іле аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Іле ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарының еңбекақысына жиырма бес процент жоғары айлықақы мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Әлеуметтік қорғау, еңбек, жұмыспен қамту, білім, денсаулық сақтау, мәдениет және тіл мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Мәслихат хатшысы

КЕЛІСІЛДІ:

Іле ауданының "Экономика және

бюджеттік жоспарлау бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Р. Айдарбекова

Ф. Ыдрышева

Кәдір Асқар Кәдірұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК